

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ұлан» әкелер мектебі кеңесінің жоспарын бекіту туралы

№1 хаттама

Қыркүйек

Күн тәртібі:

1. «Ұлан» әкелер мектебі кеңесінің жоспарын бекіту. Саттықова Айшат Акылбековна
2. Жоспармен таныстыру. Әдіскер Саттықова Айшат Акылбековна Кеңес мүшелерін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Саттықова Айшат Акылбековна - Кеңес төрағасы болып бекітілді. Ата-аналардың ұсынысы болып. «Ұлан» әкелер мектебі кеңесінің жоспары ұсынылып, талқыланды.

Кеңес мүшелері жоспардың мақсаты, міндеттері және іс-шаралар мазмұнына қатысты пікірлерін білдірді.

Пікірталас барысында жоспардың тиімділігі, қажеті мен алдағы іс-шаралар мен кездесулердің маңыздылығы айтылды.

«Әкелер мектебі» жұмысының негізгі бағыттары:

- Отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау.

- Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

- Қоғамдық-отбасылық өзара қарым-қатынастың жаңа нысандарын дамыту туралы айтылып өтілді.

- «Әкелер мектебін» ұйымдастыру нысандары: консультациялар, сұхбаттасу, пікірталастар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары, шығармашылық шеберханалар, дөңгелек үстелдер, отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасу, педагогикалық жағдаяттарды шешу бойынша жұмыстар жүргізілетіндігі ескертіліп өтілді.

Екінші мәселе жоспармен таныстыру бойынша Әкелер мектебінің мақсаты – балаларды тәрбиелеу, ата-аналар мен баланың арасындағы байланысты нығайту екендігі туралы айтылды. Таныстыру барысында әр іс-шараның мақсаттары, орындаушылар және мерзімдері анықталды.

Үшінші мәселе бойынша Кеңес мүшелері бекітілді:

- – Төраға
- – Төрағаның орынбасары
- – Хатшы

Мүшелердің міндеттері мен жауапкершіліктері анықталды.

Әдіскер Камербаева Саттыкова Айшат Акылбековна Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайтуға, отбасылық дәстүрлерді сақтауға, тәрбие беру әлеуетін күшейтуге бағытталуы қажет. Балабақша мен отбасы арасындағы педагогикалық өзара байланыстың табыстылығы көбіне тәрбиешінің өз қызметінде қаншалықты ата-аналардың қызығушылығын тудыратын және заманауи мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу- білім беру процесіне белсене қатысуға жағдай жасайтындай ата - аналармен жұмыс түрлерін қолдануына байланысты деп сөзін аяқтады.

Қаулы: - Әкелер мектебі жоспары бектілсін.

- Жоспар бойынша жұмыстар өз уақытысымен жүргізілсін.

Жиналыс Төрағасы:



Саттыкова Айшат Акылбековна

Хатшы:



Жолдыбаева Жансая Срікқызы